





Жамансарин Нұрғожа

1917 жылы Торғай уезі, Жаркөл ауылында дүниеге келген. 1942 жылы 5 мамырда Торғай әскери комиссариатынан Қызыл Армия қатарына алынды. Шұбаркөл қаласында бір айдай әскери дайындықтан өтіп, Украина майданына қатысқан. Жерлестері Толтанов Өміржан, Досжанов Дабылмен талай шабуылдарда бірге болған. Соғыстан да бірге оралған. Сондай бір шабуылдарда қатты жараланып, носилкамен көтеріп, ылғи орман арасымен, түнде жүрумен Тамбов қаласына жеткізді. Одан жаралылар тиелген пойызбен Ташкент қаласына әкелді. Ол жерде орын болмай Орынбор қалаындағы госпитальға жатқызады. Госпитальда бір аяғын кестіріп, 1944 жылы елге оралған. Елге келген соң бригадир, ферма меңгерушісі, кейін шопан болып зейнетке шыққан. 1992 жылы қайтыс болды. I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен, және мерекелік медальдармен марапатталған.